## Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 663 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 887 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 28.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) № 887 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбына және кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.07.31. N 725 Қаулысымен.

Мемлекеттік қаражаттарды үнемдеу режимін күшейту және қызметтік автомобильдерді пайдалануды ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілік және көлік құралдарын пайдалануға жұмсалатын шығыстар нормаларының нормативі (бұдан әрі Норматив) бекітілсін.

2. Мыналарға:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасына "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының балансындағы мемлекеттік органдарға бекітілген қызметтік автомобильдерді олардың балансына беру;

2) Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдарға, сондай-ақ орталық атқарушы органдар болып табылмайтын өзге мемлекеттік органдарға:

"Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының балансындағы оларға бекітілген қызметтік автомобильдерді балансқа қабылдау;

2010 жылға дейін қызметтік жеңіл автомобильдер паркін жаңартпау.

Ескерту. 2-тармақтың 2) тармақшасының үшінші абзацын қоспағанда, мәтінге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.07.31. N 725 , 2009.03.24. N 388 Қаулыларыымен.

3. Министрліктер, агенттіктер және комитеттер:

1) "Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының балансындағы оларға бекітілген қызметтік автомобильдерді балансқа қабылдасын;

2) 2010 жылға дейін қызметтік жеңіл автомобильдер паркін жаңартпасын;

3) (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.03.24. N 388 Қаулысымен).

Ескерту. 3-тармақтың 2) тармақшасын қоспағанда, мәтінге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.07.31. N 725 , 2009.03.24. N 388 Қаулыларымен.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік органдарды қаржыландыруды қызметтік автомобильдерді пайдалануға арналған шығыстар лимитінің шегінде көлік қызметін көрсету шарттарымен қатаң сәйкестендіріп жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің бекітілген тиістілік нормасын іске асыру тиісті кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.03.31 № 335 Қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп, заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

7. Осы қаулы 1999 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 27 мамырдағы
N 663 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына көлік қызметін көрсету үшін қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативі

Ескерту. Тиістілік нормативі жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.08.2009 N 1189 Қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.03.2011 № 335; 07.10.2011 N 1148; 04.06.2012 N 739; 02.11.2012 N 1396; 19.11.2012 N 1458; 22.02.2013 N 165; 03.09.2013 N 915; 18.07.2014 № 795; 09.10.2014 № 1081; 16.10.2014 N 1098 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2015 № 173 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

| Р/с N | Мемлекеттік органның атауы | Лауазымның атауы | Автомобильдер саны | | Қозғалтқыштың көлемі, текше с м . ( автобустардан басқа) | 1 автомобильдің бір айдағы жүруі (км) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызметтік (1 бірлік) | кезекші ( оның ішінде автобустар ) | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | Премьер-Министр | 1 | | | 3100 |
| | | Мемлекеттік хатшы | 1 | | | 3100 |
| 2 | Президент Әкімшілігі | Президент Әкімшілігінің Басшысы | 1 | | | 3100 |
| | | Президенттің көмекшісі - Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы | 1 | | | 3100 |
| | | Президенттің көмекшісі | 1 | | | 3100 |
| | | Жоғарғы Сот Кеңесінің Төрағасы | 1 | | | 2500 |
| | | Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары | 1 | | | 2500 |
| | | Президент Кеңсесінің бастығы | 1 | | | 3100 |
| | | Президенттің Баспасөз хатшысы | 1 | | | 3100 |
| | | Президенттің Протокол бастығы | 1 | | | 3100 |
| | | Президенттің Парламенттегі өкілдігінің басшысы | 1 | | | 2500 |
| | | Астана қаласында көліктік қызмет көрсету | 16********* | 1********* | | 2600 |
| | | Алматы қаласында | 1********* | 6********* | | 2600 |
| | | Қонақтарға арналған | | 25 | | *** |
| 3 | Президенттің Іс басқармасы | Президенттің Іс басқарушысы | 1 | | | 3100 |
| | | Президенттің Іс басқарушысының орынбасары | 1 | | | 2600 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Аппарат, ведомство басшысы | 1 | | | 2600 |
| 4 | *Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 22.02.2013* N 165 *қаулысымен.* | | | | | |
| 5 | Парламент Аппараты | Парламент Палатасының аппарат басшысы | 1 | | | 2000 |
| | | Парламенттің аппарат басшысының орынбасары | 1 | | | 2000 |
| | | Қонақтарға арналған | | 4 | | *** |
| 6 | Премьер-Министрдің Кеңсесі | Премьер-Министрдің орынбасары | 1 | | | 3100 |
| | | Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысы | 1******** | | | 3100 |
| | | Премьер-Министрдің Кеңсесі Басшысының орынбасары | 1******** | | | 2000 |
| | | Алматы қаласында көліктік қызмет көрсету | 12 | 1 | | 2600 |
| | | Қонақтарға арналған | | 14 | | *** |
| 7 | Конституциялық Кеңес | Төраға | 1 | | | 3100 |
| | | Конституциялық Кеңес мүшелері | 1 | 1 | | 2000 |
| | | Конституциялық Кеңестің аппарат басшысы | 1 | | | 2000 |
| 8 | Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (оның ішінде Орталық сайлау комиссиясы) | Төраға | 1 | | | 2600********** |
| | | Төрағаның орынбасары | 1 | | | 2600 |
| | | Есеп комитетінің мүшелері | 1 | | | 2000 |
| | | Орталық сайлау комиссиясының хатшысы мен мүшелері | | 5-не 2 бірлік | | 2600 |
| | | Есеп комитетінің аппарат басшысы | 1 | | | 2000 |
| | | Жоғарғы Соттың Төрағасы | 1 | | | 2600 |
| | | Жоғарғы Сот алқасының төрағасы | 1 | | | 2000 |
| | | Жоғарғы Соттың судьялары | | | 3-ге 1 бірлік | 2600 |
| | | Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ( | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Жоғарғы Сот | Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысы | 1 | | | 2000 |
| | | Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) басшысының орынбасары | 1 | | | 2000 |
| 10 | Облыстық ( республикалық маңызы бар қаланың және астананың) және оларға теңестірілген соттар | Сот төрағасы | 1 | | | 2600 |
| | | Сот алқасының төрағасы | 1 | | | 2600 |
| 11 | Аудандық және оларға теңестірілген соттар | Сот төрағасы | 1 | | | 2600 |
| 12 | Бас прокуратура | Бас прокурор, Бас әскери прокурор | 1 | | | 2600********** |
| | | Бас прокурордың ( Бас әскери прокурордың) орынбасары, Бас прокурордың аппаратының басшысы | 1 | | | 2600 |
| | | Бас прокуратура жанындағы Комитет төрағасы | 1 | | | 2000 |
| | | Бас прокуратура жанындағы Комитет төрағасының орынбасары | 1 | | | 2000 |
| 13 | Облыстық ( республикалық маңызы бар қаланың және астананың) және оларға теңестірілген прокуратуралар | Прокурор | 1 | | | 2600 |
| | | Прокурордың орынбасары | 1 | | | 2600 |
| 14 | Аудандық және оларға теңестірілген прокуратуралар | Прокурор | 1 | | | 2600 |
| | | Министр | 1 | | | 2600********** |
| | | Агенттік төрағасы | 1 | | | 2600 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 15 | Министрліктер мен агенттіктер | Министрдің орынбасары | 1 | | | 2600 |
| | | Агенттік төрағасының орынбасары | 1 | | | 2600 |
| | | Жауапты хатшы | 1 | | | 2600 |
| 16 | Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдіктері | Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі | 1 | | | **** |
| | | Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің бірінші орынбасары, орынбасары | 1 | | | **** |
| | | Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің аппарат басшысы | 1 | | | **** |
| 17 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктері | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі | 1 | | | **** |
| | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің орынбасары | 1 | | | **** |
| | | Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округ әкімі | 1 | | | **** |
| 17-1 | Жергілікті өкілді органдар | Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәслихат хатшысы | 1 | | | 2600 |
| | | Аудандық (облыстық маңызы бар қала) мәслихат хатшысы | 1 | | | 2000 |
| 17-2 | Облыстардың, республикалық маңызы | Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының төрағасы | 1 | | | ******* |
| | | Облыстың, республикалық | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары | маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының мүшелері | | 2-не 1 бірлік | | ******* |
| 18 | Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасын, сондай-ақ арнайы көлігі барларын қоспағанда, мемлекеттік органдардың орталық аппаратын көліктік қамтамасыз ету қызметкерлерінің саны: | | | | | |
| | 100-ге дейін | | | 1 ************** | 3000-нан көп емес | *** |
| | 100-ден 200-ге дейін | | | 2****** | 3000-нан көп емес | *** |
| | 200-ден 300-ге дейін | | | 3 | 3000-нан көп емес | *** |
| | 300-ден 500-ге дейін | | | 4* | 3000-нан көп емес | *** |
| | 500-ден 900-ге дейін | | | 5 | 3000-нан көп емес | *** |
| | 900-ден 1300-ге дейін | | | 7 | 3000-нан көп емес | *** |
| | 1300-ден жоғары | | | 9 | 3000-нан көп емес | *** |
| 19 | Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Бас прокуратурасын, сондай-ақ арнайы көлігі барларын қоспағанда, қызметкерлерінің саны: | | | | | |
| | 100-ге дейін | | | 1********** | 3000-нан көп емес | *** |
| | 100-ден 200-ге дейін орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелеріне және олардың облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы** ведомстволарына көлік қызметін көрсету | | | 2 | 3000-нан көп емес | *** |
| | Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Бас прокуратурасын, сондай-ақ, арнайы көлігі | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 20 | барларын қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелеріне және олардың аудандардағы (облыстық маңызы бар қалалардағы) ведомстволарына көлік қызметін көрсету | | | 1*********** | 3000-нан көп емес | *** |
| 21 | Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдарға көлік қызметін көрсету ***** | | | | | |
| | Ақмола облысы | | | 306 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Ақтөбе облысы | | | 216 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Алматы облысы | | | 306 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Атырау облысы | | | 141 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Шығыс Қазақстан облысы | | | 306 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Жамбыл облысы | | | 186 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Батыс Қазақстан облысы | | | 216 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Қарағанды облысы | | | 291 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Қостанай облысы | | | 321 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Қызылорда облысы | | | 141 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Маңғыстау облысы | | | 126 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Павлодар облысы | | | 216 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Солтүстік Қазақстан облысы | | | 231 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Оңтүстік Қазақстан облысы | | | 246 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Астана қаласы | | | 40 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Алматы қаласы | | | 35 | 3000-нан көп емес | ***** |
| | Облыстардың, республикалық маңызы | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 21-1 | бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларына көліктік қызмет көрсету | | | 1 | 2600-ден көп емес | ******* |
| 22 | Облыстық бюджеттен, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті өкілді органдарға көлік қызметін көрсету | | | 1 | 3000-нан көп емес | *** |

Ескертпе:

* Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі үшін сыртқы саяси органның ерекшелігін ескере отырып, саны 5 бірлік, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі үшін 7 бірлік қызметтік автомобильдердің тиістілік нормативі белгіленсін

** бұл норматив мемлекеттік органдардың облыстардағы филиалдарына, Байқоңыр қаласындағы мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелеріне де қолданылады

*** мемлекеттік органдар көлік қызметін көрсететін автомобильдер үшін жүру лимиттерін дербес, бірақ бір айда көліктің 1 бірлігіне 2600 км-ден асырмай белгілейді

**** жергілікті атқарушы органдар үшін жүру лимиті облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен айқындалады

***** жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдар бөлінісінде автокөлікті бөлу, сондай-ақ олар бойынша жүру лимитін айқындау облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен айқындалады

****** хаттамалық іс-шараларды дайындауға байланысты қызметтің ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының аппараттары үшін саны 3 бірліктен кезекші автомобильдердің тиістілік нормативі белгіленсін

******* облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиялары үшін жүру лимиті облыс, республикалық маңызы бар қала , астана әкімінің шешімі бойынша анықталады

******** осы норматив Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысына да қолданылады

******** Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Мұражайы" үшін - 2 бірлік, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Мұрағаты" мемлекеттік мекемелері үшін - 2 бірлік

********* Есеп комитетінің төрағасы, Бас прокурор, Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрлеріне көлік қызметін көрсететін автомобильдер үшін көліктің 1 бірлігіне айына 3100 км-ден аспайтын жүру лимиттері белгіленсін.

********** Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық қазынашылық басқармаларына көлік қызметін көрсету үшін көзделген автомобильдер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Ақтөбе мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің теңгерімінде.

************ осы норматив Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Орталық коммуникациялар қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасарларына да қолданылады

************* осы норматив Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы "Қоғамдық келісім" республикалық мемлекеттік мекемесіне де қолданылады.

Осы тиістілік нормалары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасы "Сырбар" сыртқы барлау қызметіне, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғаныс әскери бөлімдеріне қолданылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК